



Облыстық білім беруді дамыту  
оқу-әдістемелік орталығының  
әдістемелік Кеңесінде  
бекітілді  
2021 жыл

## «Әдістемелік шеберхана» байқауының Ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. «Әдістемелік шеберхана» байқауының ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын (бұдан әрі – Байқау) айқындайды.

1.2. Байқауды Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы пән мұғалімдерінің арасында өткізеді.

1.3. Байқау оқушылардың функционалды сапаттылығын қалыптастыру, халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауда шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтердің үздік жұмыстарын анықтауға бағытталған.

### 2. Мақсаты:

2.1. Оқушылардың функционалды сапаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды оқу үрдісінде қолдану тәсілдерін жетілдіру.

### 3. Міндеттері:

3.1. Мұғалім шығармашылығындағы функционалды сапаттылыққа бағытталған тапсырмаларды қолдану;

3.2. Функционалды сапаттылықты дамыту және оны педагогикалық тәжірибеге енгізу жүйесін қалыптастыру;

3.3. Педагогикалық тәжірибені жетілдіруге бағытталған инновациялық әдіс – тәсілдерді таратуға ықпал ету.

### 4. Қатысушылар

4.1. Облыстағы барлық типтегі білім беру ұйымдарының пән мұғалімдері қатыса алады.

### 5. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

5.1. Байқау өткізуде бекітілген Ереже басшылыққа алынады.

5.2. Ұйымдастыру комитеті облыстық кезең жеңімпаздарын Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының You Tube каналында орналастырады.

### 6. Өту мерзімі

6.1. Байқау 2 кезеңде өткізіледі:

I-кезең аудандық (қалалық) 01-08 сәуір айында өткізіледі.

II-кезең облыстық кезең 12-16 сәуір айында өткізіледі.

### 7. Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Бейнекөрсетілім түсірілімі анық, дыбысы сапалы болуы;

- Қатысушының дауыс ырғағы, анық, түсінікті болуы.

### 8. Мазмұны:

Оқу мақсатына сәйкес функционалды сапаттылыққа негізделген тапсырмалар (7-9 сынып);

- Оқушылардың функционалды сапаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды сабақта қолдануы;

- Танымдық оқу іс-әрекеттерінің қамтылуы: деректерді түсіндіру және пайдалану, ғылыми дәлелдер алу үшін қорытындылар жасау, математикалық модельдеу дағдыларын жетілдіру, ақпаратты іздеу оқығанды түсіну (семантикалық оқу), ақпаратпен жұмыс (бағалау, түсіндіру).

### **Техникалық талаптар:**

Бейнежазбалар форматы мен пішімі:

- рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
- бір файлдың өлшемі-200 Мб артық емес;
- Бейнекөрсетілім ұзақтығы 5-7 минуттан аспайды.

### **9. Қорытынды:**

9.1. Байқауды ұйымдастыруды және өткізуді облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы жүзеге асырады (бұдан әрі-Ұйымдастыру комитеті).

9.2. Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттерді атқарады:

- Байқауды өткізу тәртібін, күнін анықтайды;

9.3 Байқау қорытындысын шығару үшін сараптау комиссиясы құрылады. Сараптау комиссиясының құрамын Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

9.4 Жеңімпаздар облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Байқауға педагогтердің қатысуы туралы сұранысты 2021 жылдың 9 сәуірге дейін үлгіге сәйкес [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) электронды поштасына жіберу қажет.